

«Ноутбук ұтып ал!»  
НАУҚАНЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

**НАУҚАНДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ:**

«Кселл» АҚ (бұдан әрі - Компания немесе Ұйымдастырушы)

«Ноутбук ұтып ал!» науқаны – Ұйымдастырушының абоненттерін Ұйымдастырушының қызметтерін пайдалануға ынталандыру мақсатында Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының аумағында өткізетін науқан (бұдан әрі - Науқан).

Науқан 15.06.2017 ж. мен 31.12.2017 ж. аралығында (Астана қ. уақытымен 23:59-ға дейін) өткізіледі.

Науқанға 15.06.2017 ж. кейін іске қосылған және жеке тұлғаға рәсімделген (ЖК басқа) абоненттік нөмірлері бар Activ абоненттері – 18 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтары немесе Қазақстан Республикасында ықтиярхаты бар шетел азаматтары қатыса алады. Науқанға Ұйымдастырушының қызметкерлері, жақын туыстары (жұбайы, ата-атанасы, қызы, ұлы, асырап алушылары, асырап алған ұл-қыздары, бірге туған және бірге тұмаған аға-інілері мен сіңлі-қарындастары, атасы, әжесі, немерелері), Ұйымдастырушының дилерлері/дистрибьюторлары мен олардың қызметкерлері қатыса АЛМАЙДЫ.

1. Науқан шарттары:

- 1.1. Науқанға қатысу үшін Абонент «Сұхбат+ Бастапқы топтама 200» бастапқы топтамасын (бұдан әрі - БТ) сатып алып, іске қосу қажет. Науқанды қосу үшін Абонент \*325# USSD пәрменін теріп, қосу туралы растау алу қажет.
- 1.2. Науқанды қосқаннан кейін, әр Науқанға қатысушы жүлденің ұтыс ойынына қатыса алады.
- 1.3. Жүлде ұтыс ойындары және Науқан бойынша ұтыс ойнатылатын жүлделер:

Ұтыс ойын күні	Ұтыс ойын қатысушылары – келесі кезеңде 500 бірліктен астам* жұмсаған абоненттер:	Жұлде	Жұлделердің саны
05.07.2017	15.06.2017 ж.- 30.06.2017 ж.	НОУТБУК ACER ASPIRE E15	15
05.08.2017	01.07.2017 ж.- 31.07.2017 ж.	НОУТБУК ACER ASPIRE E15	20
05.09.2017	01.08.2017 ж.- 31.08.2017 ж.	НОУТБУК ACER ASPIRE E15	25
05.10.2017	01.09.2017 ж.- 30.09.2017 ж.	НОУТБУК ACER ASPIRE E15	25
05.11.2017	01.10.2017 ж.- 31.10.2017 ж.	НОУТБУК ACER ASPIRE E15	35
05.12.2017	01.11.2017 ж.- 30.11.2017 ж.	НОУТБУК ACER ASPIRE E15	40
05.01.2018	01.12.2017 ж.- 31.12.2017 ж.	НОУТБУК ACER ASPIRE E15	56

\* Абоненттік төлемді алуды қоса, ұялы байланыс қызметтерінің шығындары ескеріледі.

Науқанның басты жұлделері: ноутбук ACER Aspire E15. Ноутбуктердің жалпы саны – 216 дана.

## 2. НАУҚАН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН АНЫҚТАУ:

- 2.1. Науқан жүлдегерлерін анықтау үшін Ұйымдастыру Науқанға қатысу шарттарына сай келетін қатысушылардың тізімін құрастырады.
- 2.2. Жүлдегерлер random.org сайтының көмегімен кездейсоқ анықталады. Жүлдегерлерді анықтау үшін Науқанның тиісті кезеңіне Науқан қатысушыларының тізімі жүктеледі. Жүлделердің ұтыс ойынының нәтижелері Ұйымдастырушының жауапты қызметкері қолын қоятын хаттамамен рәсімделеді.
- 2.3. Жүлделі деп анықталған нөмір Науқан бойынша әрі қарай жүлделердің ұтыс сойынына қатыспайды.

### **3. ЖҮЛДЕЛЕРДІ АЛУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ**

- 3.1. Абонент туралы ақпарат және жеке басын куәландыратын құжатты, жүлдені алуға келісімін алу үшін ұтыс ойынды өткізген күннен бастап, 7 күнтізбелік күн ішінде Науқанға қатысу тіркелген абоненттік нөмірге қоңырау шалу және/немесе СМС-хабарлама жіберу арқылы Науқанның әрбір жүлдегерімен Ұйымдастырушының өкілдері байланысады.
- 3.2. Егер Ұйымдастырушы көрсетілген мерзімде жүлдегермен қандай да бір себептерге байланысты байланыса алмаса, жүлдегер Ұйымдастырушыдан СМС алған күннен бастап, 3 күнтізбелік күн ішінде Call-орталық арқылы немесе Компанияның өз кеңселері арқылы Ұйымдастырушының өкілдерімен байланысып, Науқан бойынша жүлделердің бірін адуға қажетті ақпаратты ұсыну тиіс.
- 3.3. Ұйымдастырушы Науқан бойынша жүлделердің бірін алуға қажетті деректерді 3.2 тармақта көрсетілген мерзімде жүлдегерден алмаса, жүлде жүлдегерге қажет емес деп есептеледі және әрі қарай жүлдегер оны талап ете алмайды.
- 3.4. Жеке басын куәландыратын құжатты ұсынбауды қоса, жүлдені талап етпеген жағдайда немесе жүлдегерге кез келген себептерге байланысты беруден бас тартқан жағдайда, Ұйымдастырушы осы жүлде бойынша өз бетімен шешім қабылдау, соның ішінде осы Ережелердің 2 тарауына сәйкес, қайта ұтыс ойын өткізу арқылы жаңа жүлдегерді анықтау құқығын өзіне қалдырады.
- 3.5. Жүлдегер осы Ережелерде көзделген шарттарды орындамаған жағдайда, Жария шарттың, қолданыстағы заңнаманың шарттарын бұзған жағдайда, Ұйымдастырушы жүлдені жүлдегерге ұсынудан бас тартуға құқылы.
- 3.6. Жүлдегерді анықтаған күннен бастап, 30 күн ішінде Науқанның бас жүлделері жүлдегер ұсынған ақпаратқа сәйкес, жүлдегердің тұрақты тұрғылықты жеріне ең жақын Компанияның Kcell-орталығына жіберіледі.
- 3.7. Осы Ережелерге сәйкес, жүлдегерлер ретінде жарияланған Науқан қатысушыларының арасында жүлделердің жалпы саны бөлістірілгеннен кейін, Науқанға кез келген басқа қатысушылардың талаптары қабылданбайды.
- 3.8. Жүлдені ұтқан қатысушы жүлдені алғанға дейін, оны басқа тұлғаларға беруге құқысы жоқ.

- 3.9. 3-тармақта көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Ұйымдастырушы жүлдегерге жүлдені беруден бас тартуға құқылы.
- 3.10. Жүлде Науқанға қатысқан абоненттік нөмір тіркелген абонент болып табылатын жүлдегерге ғана беріледі.
- 3.11. Жүлдені алу үшін жүлдені алғанда, жүлдегер ЖСН көрсетілген жеке басын куәландыратын құжатты ұсыну тиіс. Ұсынбаған жағдайда, жүлдегер жүлде алу құқығын жоғалтады.
- 3.12. Әр ұтыс ойын өткеннен кейін, бір күн ішінде жүлдегерлердің аты мен әкесінің аттарының бас әріптері мен тегі көрсетілген Науқанның нәтижелері Ұйымдастырушының ресми сайтында - [activ.kz](http://activ.kz) жаңалықтар бөлімінде жарияланады және де Facebook, Vk әлеуметтік желілеріндегі конкурстың постының астындағы пікірлерде жарияланады. Науқанға қатыс отырып, қатысушылар өздерінің аты мен әкесінің аттарының бас әріптері мен тегін Ұйымдастырушының ресми сайтында - [activ.kz](http://activ.kz) жаңалықтар бөлімінде және де Facebook, Vk әлеуметтік желілеріндегі конкурстың постының астындағы пікірлерде жариялауға өз келісімін береді.

#### **4. ЖҮЛДЕЛЕРДІ ОЛАРДЫҢ ҚҰНЫНЫҢ АҚШАЛАЙ БАЛАМАСЫНА АУЫСТЫРУ МҮМКІНДІГІ:**

- 4.1. Осы Науқан аясында жүлделерді ақшалай баламасымен ауыстыру көзделмеген.

#### **5. САЛЫҚТАР МЕН ШЫҒЫНДАР:**

- 5.1. Науқан жүлделерін ұтып алған тұлғалар жүлделерді алғанда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес туындаған табыс салығын төлеу мен уақтылы есептілік үшін бюджет алдында жауапты.
- 5.2. Науқан Қатысушыларының жүлделерді алуына байланысты туындауы мүмкін, бірақ Ережелерде айтылмаған барлық басқа төлемдерді Науқанның жүлдесін/жүлделерін алатын Науқан Қатысушылары өз бетімен төлейді.
- 5.3. Ұйымдастырушы жүлделерді алу үшін Ұйымдастырушының Абоненттерге қызмет көрсету орталығына қоңырау шалуы салдарынан Абоненттер және/немесе науқанға қатысушылардың кез келген шығындары үшін және/немесе оларды жеткізу шығындары үшін және Науқан бойынша кез келген ақпаратты алу үшін шығындары үшін жауапкершілікті көтермейді.

#### **6. ҚОСЫМША ШАРТТАР:**

- 6.1. Ұйымдастырушы мобильді телефондарға және/немесе абоненттік нөмірге меншік, иелік ету немесе пайдалану құқығы туралы кез келген даулар үшін жауапкершілікті көтермейді. Ұйымдастырушыға және/немесе Ұйымдастырушының аймақтық бөлімшесіне Науқанда тіркелген абоненттік нөмірмен мобильді телефонды ұсынған

тұлға, егер осы тұлға абоненттік нөмірдің тіркелген иегері/абоненті болса немесе өз құқықтарын тиісті растау ұсынса, оның нағыз иегері болып есептеледі.

- 6.2. Ұйымдастырушы келесілер үшін жауапкершілікті көтермейді:
  - 6.2.1. Науқан қатысушыларының өздерінің кінәсі бойынша немесе Ұйымдастырушыға байланысты емес себептерге байланысты Науқан жүлделерін алуға қажетті деректерді/құжаттардың уақтылы алынбауы/алынбауы;
  - 6.2.2. Осы Ережелерде көзделген міндеттердің Науқан қатысушыларының уақтылы орындамауы/орындамауы;
  - 6.2.3. Жұлдегердің Ұйымдастырушыға байланысты емес кез келген себеппен жүлдені алмауы.
- 6.3. Осы Ережелерге сәйкес жүлдені алу құқықтарын растайтын талаптарға қатысты Ұйымдастырушы ешқандай хат алысуға немесе қандай да бір түсініктеме беруге міндетті емес.
- 6.4. Ұйымдастырушының өнеркәсіптік ақау және ұялы желілерінде, жабдығында орын алуы мүмкін техникалық және технологиялық қателер үшін жауапкершілікті көтермейді.
- 6.5. Науқанға қатыса отырып, өз атын, тегін, әкесінің атын және Науқан барысында оның қатысуымен жасалған бейне және фото материалдарды Ұйымдастырушының өз қалауы бойынша кез келген амалмен көпшілікке қолжетімді етуіне және оларды Ұйымдастырушының осы тұлғаларға қандай да бір өтемақы төлемей және әрі қарай хабарламай, аудио, фото және бейне материалдарында пайдалануына әр қатысушы өз келісімін растайды. Сонымен бірге, науқанға қатысу туралы жарнамалық сұхбаттарға қатысуға, соның ішінде радио және телевидение үшін, басқа бұқаралық ақпарат құралдары үшін, және де Ұйымдастырушының және/немесе Ұйымдастырушының тапсырмасы бойынша үшінші тұлғалардың қатысушыларды фото және бейне түсірілімге түсіруіне тәрбір қатысушы өз келісімін растайды. Оған қоса, қатысушы Науқанды өткізу мақсатында қатысушының жеке деректерін Ұйымдастырушының пайдалануына (жинау және өңдеу) өз келісімін растайды.
- 6.6. Науқанды өткізуге байланысты барлық даулар келіссөздер арқылы шешілу тиіс. Бейбіт түрде келісімге келу мүмкін емес болса, дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының тиісті сотында қаралу тиіс.
- 6.7. Науқанды өткізу барысында Қатысушы үшінші тұлғалардың құқығын бұзғанына байланысты үшінші тұлғалар тарапынан Ұйымдастырушыға шағым түскен жағдайда, Қатысушы осы дауларды өз бетімен шешу жауапкершілігін өзіне алады;
- 6.8. Оператор осы Науқанды өткізу ережелерін [activ.kz](http://activ.kz) сайтында жариялайды.
- 6.9. Ұйымдастырушы, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмесе, осы Ережелерді өзгерту және Ұйымдастырушы өткізетін осы Науқанға қатысты қосымша ақпаратты жариялау құқығын өзіне қалдырады. Қосымша немесе

жаңартылған ақпарат <http://www.activ.kz/> web-сайтында және/немесе аймақтық БАҚ-та қолжетімді болуы мүмкін.

6.10. Ұйымдастырушы Науқан жүлделерінің қатысушылардың жеке күтетін ойына сәйкессіздігі үшін жауапкершілікті көтермейді.

Науқанға қатысты барлық сұрақтар бойынша Абоненттер Ұйымдастырушының Call орталығына қоңырау шала алады: 3030

**НАУҚАНҒА ҚАТЫСА ОТЫРЫП, АБОНЕНТТЕР ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРМЕН  
ТАНЫСҚАНДЫҒЫН ЖӘНЕ КЕЛІСІМІН РАСТАЙДЫ.**